

## Нарық кеңесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 682 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 желтоқсанда № 12524 болып тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 319) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 23.12.2024 № 483 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Нарық кеңесінің жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;
  - 3) осы бұйрықты алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
  - 4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;
  - 5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

В. Школьник

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 3 желтоқсандағы  
№ 682 бұйрығымен  
бекітілген

## **Нарық кеңесінің жұмыс істеу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

**Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы Нарық кеңесінің жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 319) тармақшасына сәйкес әзірленді және Нарық кеңесінің жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 23.12.2024 № 483 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

1) Нарық кеңесі – электр энергиясы мен қуаты нарығының жұмыс істеуін мониторингтеу жөніндегі көрсетілетін қызметті, сондай-ақ осы "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) көзделген басқа да функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым.

2) уәкілетті орган – электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің м.а. 23.12.2024 № 483 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

### **2-тарау. Нарық кеңесінің жұмыс істеу тәртібі**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Нарық кеңесі:

1) Электр энергиясы мен қуат нарығының жұмыс істеуіне мониторингті жүзеге асырады;

2) отынның баламалы түрі ретінде газды пайдалана отырып, генерациялайтын қондырғылар салумен инвестициялық бағдарламаларды, оның ішінде жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі инвестициялық бағдарламаларды қарайды;

3) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) уәкілетті орган айқындаған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Нарық кеңесінің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

## **1. Параграф. Электр энергиясы мен қуаты нарығының жұмыс істеуіне мониторингілеуді жүзеге асыру тәртібі**

5. Келесі іс-әрекеттерді жасау жолымен Нарық кеңесі электр энергиясы мен қуаты нарығының жұмыс істеуіне мониторингті әрдайым жүзеге асырады:

1) электр энергиясы көтерме нарығы субъектілерін реестрге енгізу және енгізу тәртібін анықтау;

2) электр энергиясымен қуаты нарығының негізгі көрсеткіштерін енгізу және анықтау;

3) Осы Қағидаларда көрсетілген құрамда және аралықта электр энергиясымен қуаты нарығының жұмыс істеуі туралы есепті (бұдан әрі - Есеп) уәкілетті органға ұсыну.

6. Есеп уәкілетті органға есепті жылдың тоқсандарының қорытындылары бойынша (бұдан әрі – Тоқсандық есеп) тоқсандардың әрқайсысы аяқталғаннан кейін бір ай ішінде ұсынылады, бұл ретте есепті жылдың соңғы тоқсанындағы тоқсандық есептің орнына есепті жыл аяқталғаннан кейін екі ай ішінде ағымдағы жылдың қорытындылары бойынша есеп (бұдан әрі – Жылдық есеп) ұсынылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Есептер уәкілетті органға мемлекеттік және орыс тілдерінде Нарық кеңесінің ресми бланкісінде ұсынылады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Уәкілетті органға енгізілетін есеп еркін нұсқада келесідей ақпараттардың міндетті түрде болуы шарт:

1) есепті беру кезіндегі электр энергиясы көтерме сауда нарығының жаңартылған субъектілер реестрі;

2) электр энергиясымен қуаты нарығының негізге көрсеткіштерінің алдыңғы жылмен салыстарғындағы, оның ішінде есеп тапсырылғандағы кезеңнің алдыңғы жылдың аналогиялық кезеңімен салыстарғандағы динамикасы;

3) сондай-ақ жығымсыз динамика себептерін болдырмау және негізгі оң көрсеткіштері динамикасы үшін жағдай жасау бойынша Уәкілетті органға ұсыныстар келтірумен электр энергиясымен қуат нарығының тиісті көрсеткіштерінің өзгеруінің себептері, негізгі көрсеткіштерінің динамикасын талдау;

4) Жылдық есеп жағдайында есептіден кейін жылға және тоқсандық есеп жағдайындағы есептік кезеңнің соңына дейін электр энергиясымен қуаты нарығының негізгі көрсеткіштерінің динамикасын өзгерту болжамы.

9. Осы Ереженің 8 тармағы 2), 3) және 4) тармақтарында көрсетілген ақпараттар Заңның 15 бабының 1 тармағында сипатталған әр электр энергиясы көтерме нарығынан тұратындар үшін ұсынылады.

10. Нарық кеңесі әрбір есепті өзінің жалпыға қолжетімді ресми интернет-ресурсында уәкілетті органға тиісті есепті ұсынған сәттен бастап бес күннен кешіктірмей жариялауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2. Параграф. Инвестициялық бағдарламаларды қарау тәртібі**

11. Нарық кеңесі Уәкілетті органнан қарастыруға келіп түскен инвестициялық бағдарламаны оның келіп түскен сәтінен бастап он бес күн ішінде осы Қағидамен сипатталған тәртіпте оның іске асырылуының жөнделігі немесе жөнді еместігі туралы қорытынды (бұдан әрі - Қорытынды) береді.

12. Нарық кеңесі инвестициялық бағдарламаны іске асыру жөнделігін бағалау үшін қарастыруға ұсынылған инвестициялық бағдарлама бойынша уақытша комиссия құрады.

13. Комиссия құрамында келесідей тұлғалар болуы қажет:

1) Нарық кеңесімен анықталған кәсіпорын басшысы;

2) Нарық кеңесі өкілі болып табыладытын және тиісті салада жұмыс тәжірибесі бар жоғары техникалық білімі бар бірден аз емес сарапшы және экономикалық білімі бар бірден аз емес сарапшы;

3) электр энергетикасы саласында тәжірибесі бар басқада сарапшылар.

14. Комиссия кемінде бес адамнан тұрады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Комиссия құрамына жеке кәсіпкерлік туралы заңнамаға сәйкес инвестициялық бағдарламадағы ақпараттарға рұқсат бұзушылық болып табылатын тұлғалармен кәсіпорындар қосыла алмайды.

16. Комиссиямен ұсынылған инвестициялық бағдарламаны қарастыру және қорытынды дайындау тәртібін Нарық кеңесі өзінше орнатады.

17. Қорытынды еркін нұсқада келесідей ақпараттардың міндетті түрде болуымен қалыптастырылады:

1) ұсынылған инвестициялық бағдарламадағы шаралардың техникалық және технологиялық жөнділігі;

2) ұсынылған инвестициялық бағдарламадағы шараларға қаржылық шығындардың жөнділігі және көлемін талдау;

3) ұсынылған шаралар аясында қарастырылатын алу, жұмыс және қызмет, тауар бағалық ұсынымдарын өзекті талдау;

4) ұсынылған инвестициялық шаралардың қорытындыға жету нүктесінен қарағанда осы шараларды орындауға себеп болған көлемінің жөнділігін талдау;

5) талдау қорытындылары негізінде негізделген инвестициялық бағдарлама бойынша қорытынды;

6) инвестициялық бағдарлама бойынша қабылданған шешімге негіздеме.

18. Уәкілетті органға қорытынды Нарық кеңесінің ресми бланкісінде мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылады.

19. Қорытынды аталған инвестициялық бағдарламаны қарастыруға қатысқан Комиссия мүшелерінің қолтаңбаларымен куәләндіріледі (бекітіледі).

### **3. Параграф. Уәкілетті органға Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу тәртібі**

20. Осы Ереженің 1 қосымшасына сәйкес нұсқада Нарық кеңесі жыл сайын 1 тамызға дейінгі мерзімде уәкілетті органға Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстарды мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынады.

#### 4. Параграф. Уәкілетті орган айқындаған өзге де функцияларды жүзеге асыру тәртібі

21. Уәкілетті органның сұранысы бойынша Нарық кеңесі сұрастырылып отырған ақпаратты ұсынады.

Нарық кеңесінің жұмыс істеу  
қағидаларына  
1 қосымша

нысан

#### Электр энергетикасы саласындағы заңнаманы жақсарту бойынша ұсыныстар

##### 1. Қолданыстағы электр энергетикасы саласындағы НҚА немесе НТҚ жақсарту бойынша ұсыныстар

№	Өзгерістерді қажет ететін НҚА немесе НТҚ атауы	НҚА немесе НТҚ қолданыстағы редакциясының структуралық элементі	НҚА немесе НТҚ структуралық элементіне ұсынылатын редакция	Негіздеме*
1	2	3	4	5
1.				
2.				
...				

##### 2. Электр энергетикасы саласындағы жаңа НҚА немесе НТҚ әзірлеу бойынша ұсыныстар

№ п/п	Әзірлеуді қажет ететін НҚА немесе НТҚ атауы	Негіздеме
1	2	5
3.		
4.		
...		

Ескертпе:

\* - қажет болған жағдайда негізделген есептемелер қоса беріледі;

\*\* - міндетті түрде НПА немесе НТҚ жобасы әзірленген жобасы қоса беріледі.